

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҮЛПТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

АБАЙТАНУ

ТАҢДАМАЛЫ ЕҢБЕКТЕР

XI том

Алматы
«Қазақ университеті»
2017

ӘОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3(5)Каз)

А 13

*Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
филология және әлем тілдері факультетінің Ғылыми кеңесі және
Редакциялық-баспа кеңесі шешімімен ұсынылған*

(№ 2 хаттама 29 желтоқсан 2016 жыл)

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жаңындағы
Абай ғылыми-зерттеу институтында дайындалған*

ҒЫЛЫМИ-РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС

Ж. Дәдебаев (тераға), Ө. Әбдіманұлы, З. Бисенғали, Т. Есембеков,
Б. Жақып, А. Жақсылықов, Қ. Мәдібаева, Ж. Молдабеков, З. Сейітжанов,
Ә. Тарап, А. Темірболат, Ж. Тілепов, Р. Тұрысбек,
П. Бисенбаев (хатшылар тобының жетекшісі)

Пікір жазған

филология ғылымдарының докторы, профессор **Ө. Әбдіманұлы**

Жалпы редакциясын басқарған

филология ғылымдарының докторы, профессор **Ж. Дәдебаев**

Баспаға дайындағандар:

Б. Баязитов, Г. Ысқақова

А 13 Абайтану. Таңдамалы еңбектер. XI том. Ойлар мен тол-
ғаныстар / құраст., түсінік. жазғ.: Д. Карагойшиева, Л. Мұсалы;
жалпы ред. басқ. Ж. Дәдебаев. – Алматы: Қазақ университеті,
2017. – 298 б.

ISBN 978-601-04-1617-8 (ортак)

ISBN 978-601-04-2257-5 (11-том)

«Абайтану. Таңдамалы еңбектер» көп томдық басылымының он бірінші томында
Абайдың омірі мен шығармашылығы туралы XX ғасырда жазылған бір топ еңбектер берілді.
Әр жылдарда жазылған және абайтану саласындағы іргелі мәселелерді пайымдауга арналған
ойлар мен толғаныстардың абайтану ғылымының тарихында лайыкты орны бар.

Томға енгізілген еңбектер білім алушы жастағра, жас мамандарға, сондай-ақ зерттеу-
шілерге, ақыл-ой казнасын байту жолындағы көпшілікке арналған.

Еңбек 3979/ГФ4 – «Абай Құнанбаевтың шығармашылық мұрасын пәнаралық
зерттеу» бағдарламасы аясында дайындалып, жарық көріп отыр.

ӘОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3(5)Каз)

ISBN 978-601-04-1617-8 (ортак)

ISBN 978-601-04-2257-5 (11-том)

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жаңындағы

Абай ғылыми-зерттеу институты, 2017

Ғаббас Тоғжанов

АБАЙДЫҢ РЕАЛИЗМІ

Абайдың өзінің 20 жылдай жазған ақындық өмірінде өлеңі-нің көбін қазақтың әлеумет құрылымы жайында жазады. Абайдың өлеңдерінде, мақалаларында әлеуметке тимейтін сөзді аз табасын:

Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін,
Жок-барды, өргөгін термек үшін,
Көкірегі сезімді, көңті ойтыға
Жаздым үлгі жастарға бермек үшін.

Абайдың осынысы – бір рас сөзі. Шынында да, Абайдың сөзі, өлең ылғына өситет, ақыл, сын болып келеді. Ең аяғы Абайдың шынында да, Абайдың сөзінше палсанға түсіп, жалпы мәселелерді көтергенде де сөзінде Абайдың аяғын қазақпен бітіреді. Бұл әлдеқалай нәрсе емес. Осының өзінде Абайдың таптық беті, артық, кемдігі бірдей көрінеді. Жұрт ақыны болып, халық қамын қайғырғаны, өзі көрген әлеуметтінің кем-кетігін жамауға тырысқаны, жаманды түземек болғаны, кейінгі жасқа үлгі берем дегені, бар ақындығы осыған жұмсағаны – бұл, әрине, Абайдың жақсылығы. Абайдың өзінен бұрынғы қазақтың феодал ақындарынан анағұрлым артықтығы. Абайдан бұрынғы қазақ ақындарының көпшілігі:

Ақындары ақылсыз надан болып,
Көр-жерді өлең қылпты жоқтан қармап.
Қобыз бен домбыра алып, топта сарнап,
Мақтау өлең айттыпты әркімге арнап.
Әр елден өлеңменен қайыр тілең,
Кетірген сөз қадірін жүргітпей шарлап.
Мал үшін тілін безіп, жанын жалданп,
Мал сүрап біреуді алданп, біреуді арбанап.
Жат елде қайыршылық қылыш жүріп,
Өз елін «бай» деп мактап құдай қарғап.
Қайда бай мақтанишаққа барған таңданп,
Жиса да бай болмапты қанша жалданп.

Абайды мұндай ақындармен ешбір салыстыруға болмайды.

Абай бұлардан білмімен де, ақындығымен де озды.

Ескі бише отырман бос мақалдан,
Ескі ақынша мал үшін тұрман зарлап.
Мақсатым тіл ұстартып, өнер шашпақ,
Наданың көзін койлы, көңілін ашпақ.
Үлті алсын деймін ойлы жас жігіттер
Думан, сауық ойда жоқ, ауел баста-ак.

Абайдың бұл сөзі – жаңа сөз. Өз тұсында қазақ жұртшылығын ілгері бастаған сөз.

Қазақ тұрмысын суреттегенде, Абай надан ақынды ғана көрген жоқ. Абай көзіне надан «баспақ» бай да тұсті. Ел жегіш, жемқұмар би, болыс, надан берекесіз ел, арам молда, пысық, қу жігіт, жалқау кедей, мектептегі оқалы киімге сусаған шәкірт – Абай бұларды да көрді. Жексүрын мінездерін тапты. Абай өз тұсындағы қазақ байының образын бергенде, байдың надандығын, «баспақтығын», бейілінің кедейлігін көрсетеді. Абайдың:

Байы баспақ,
Би саспақ,
Әулекі аспақ сипыра қу,
Партия жылып, пара алған,
Бейілі кедей байсындар, –

дегені, жә болмаса қара сөзіндегі қазақ байын: «Көнілдері көкте, көздері аспанда, адалдық, адамдық, ақыл, ғылым, еш нәрсе малдан қымбат емес. Мал болса, құдай тағаланы да паралап алса болады дейді. Оның (қазақ байының – F.) діні, құдайы, халқы, жұрты, білімі, ары, ұтыы жақыны – бәрі мал», – деп сипаттағаны Абайдың реалист ақын екендігін дәлелдейді. Абайдың осы аз сөздерінде қазақ байының бірсызыра таптық сипаттары, мінездері айтылады. Кәпиталдаса бастаған қазақ феодалдарының малы көп болса да, биі кедейленіп, маңайын жалмап отыратыны өтірік пе? Қазақ байының ар, ұтыын, құдайын, ағайын-жұртын – бәрін де малға сататыны өтірік пе? Байға малдан қымбат ештеңе жоқ қой. Қазақ байының қазақ халқын малға сатпаған күні бар ма? Алғаш орыс патшасы қазақ даласын отарлап, қазақ халқының басына қамшы ойнатып, қара тұман орнатқанда, халқын сатып, орыс патшасына шен, шекпенге, ақшаға жүгірген қазактың

байы-ханы, сұлтаны, биі емес пе? Орыс патшасының корлық-зомбылығына шыдамай, елдігімізді көрсетейік, топ жинап, наразылығымызды білдірейік деп патшага қарсы көтерілген қазақ көтерілістерінде де қазақты жығып, ұстап беріп, елін талан-таражға, ерін айдауға түсірген де тағы қазақтың осы байы емес пе? Тіпті, арғы заманды қояйық, бергі өзіміз көзімізben көрген заманда да қазақ байының мал үшін арын да, халқын да, ағайын-жұртын да түгел сататыны анықталмады ма? 1916 жылғы қазақ халқының сыпыра көтерілген көтерілістерінде, орыс патшасына қазақты жығып берген тағы қазақтың байы емес пе? Бергі төңкеріс тұсында да қазақ байы малынан артық ештеңесі жоқ екенін көрсетпеді ме? Қалашақ, Анненкоп, Дутоп сықылды патшашылдармен ұттын, ұттын сатып бірікпеді ме? Абайдың қазақ байы «малға құдайын, дінін, халқын, білімін, ағайын-жұртын, ар-үрятын – бәрін де сатады», – дегені қазақ байының таптық сипаты еди. Осыны Абайдың көре білгені, айта білгені – Абайдың реалистігін, үлкен ақын екендігін дәлелдейді.

Абай тұсында қазақтың ел бастаған «жақсылары» – биі, болыс, старшындар болды. Осылардың да таптық сипаттары, мінездерін байышыл ақындардың ішінде Абайдай айтқаны жоқ. Абайдың ел берекесі кетті, ел қамын ойлар жан жоқ, ел партия – сұрқиялыққа молықты дегендері де осы ел «жақсыларына» айтылған сөздер болатын. Абай жазады:

Мәз болады болысын,
Арқага ұлық қаққанға.
Шелтірейтіп орысын,
Шенді шекпен жапқанға.
Оқалы тон бола ма
Ар, ұттын сатқанға?
Қолына алып,
Бәле салып,
Андығаны өз елі.
Шашты малын,
Берді барын
Боларында жұртына.
Елде сияз,
Ойда ояз
Оңбай-ақ түр әр түрі.
Орыс сияз қылдыrsa,

Болыс елін қармайды.
Ку старшын, аш билер,
Өз жүргегін жалғайды.
Бас қосылса арысқа,
Кім шабады намысқа.
Жатқа қарар беті жоқ,
Жалынбай тұрар көті жоқ.

Абайдың осы аз сөздерінде көп мағына бар емес пе? Абай осы сөздерімен қазақтың биі, болыс, старшындарының талтық образдарын түгел көрсетпей ме? Ар, ұтын сатып, малын шашып, шен, шекпенге сатылмаған қазакта болыс бар ма еді? Ел жұмысында жүргендерде, елге пәле салып, елді жалмап жеген жебір болыс, ку старшын, «аш» билер емес пе еді?

Орыс патшасының қол астында қазақ халқы 150 жылдай бодан болды. Мал, жанында ерік болмады. Елдіктен шықты, жерден айырылды. Қазақ даласын қараңғылық қаптаған осы тар заманда елдің шырқын бұзып, берекесін алған, елді сыртқы жаумен бірге қан қақсатқан, талан-таражға түсіріп, қуғын-сурғінге салған тағы осы «жебір болыс, ку старшын, аш билер» емес пе еді? Абай сынды реалист ақын бұларды да көре білді. Жауыздық сипаттарын ашып айта білді. Абайдан бұрынғы қазақ ақындары патшаға барып, қазақты сатып, шен, шекпен алған қазақтың ханын, сұлтанын, би, болысын мактаушы еді. Өзгеге үлгі, арман қылушы еді. Өзін сатып, өнерін сатып, орыстан шен, шекпен алғандар мен надан ақындар мактанушы еді. Абай мұндай ақынның да ар, ұтын халқын сатып шен, шекпен алған би, болыстың да жекесүрүн екендігін өзгеден бұрын көрді. Солардың жекесүрүн, жеркеніш, жаман мінездерін жүртқа әшке-реледі. Абайдың ишан, молдаларға берген образдары да ұмыттылмайтын, тауып айтқан образдар. Абай жазады:

«Бұ заманның молдалары хәкім атына дүшпан болады. Бұлары – білімсіздік. Тіпті, бұзық пиғыл. Молдаларының шәкірттерінің көбі жүртқа пайдасы тимек түгіл, түрлі-түрлі зааралары көп болады. «Ай, уй»-мен, мактанменен қауымды адастырып бітіреді. Бұлардың көбі – әншейін бұзық түгіл, бұзықтардың бұзығы. Молдалар тұра тұрсын, «Әсіресе бұл заманның ишандарынан сақ болындар... Бұлардан залалдан басқа еш нәрсе шықпайды. Өздері ғалымбыз десе де, шаригатты таза білмейді.

Көбі надан болады...» «Бұлар – адам аздыруышылар, адам түгіл дінге де залалды. Бұлардың сүйгені – надандар, сәйлекені – жалған, дәлелдері – таспиги мен сәлделері, онан басқа жоқ» (Абай жинағы, 305-306-беттерде).

Абай осы пікірін өлеңдерінде де айтады:

Кейбірі пірге қол берген,
Іші залым, сыртыabyz.
Кейбірі қажыға барып жур,
Болмаса да қаж парыз.
Мұсылманұқ ол ойлаң,
Өтеген қашан ол қарыз?
Кітапты молда теріс оқыр,
Қарагайдай болып сәлдесі.
Мал құмар, көніл бес соқыр,
Бүркіттен кем бе жем жесі?

Тағы бір өлеңінде:

Шалма ораган сопының
Іші арам, –

дейді.

Осы Абай айтқан молда, ишандардың надандығы ғылымға дүшпан екендігі, надан елді азғыруши, сөзі де, сопылығы да – бәрі жалған, өтірік екендігі, қолдарындағы таспиги, бастьарындағы шалмаларынан басқа ештеңелері жоқ, бұлар «іші залым, сыртыabyz, іші арамдар» ғана екендігі – бәрі де тауып айтылған, дұрыс айттылған сипаттар емес пе? Осы сөздердің ешбір өтірігі жоқ қой. Қазақ халқын ғасырлар бойы қарандылықта тұтқан, ғылымнан, өнерден аулақ ұстаган қазақтың надан ханымен, байымен қосылып ап, елді сүліктей сорған, еңбекшілердің көзін бояп, жанын азғырып, малын талаған жекесұрын сұмырайлар осы молда-ишандар емес пе еді? Бертін казак даласын орыс патшасы билегендегі, қазақ халқын: «Ақ патшаға намаз қылындар, не айтса да, не қылса да көне беріндер», – деп қазақты жасытқан әзәзіл сұмдардың тағы бірі осы молда-ишандар емес пе еді? «Басында сәлде, қолында таспиги бар, іші арам, залым, сыртыabyz» молда-ишандар төңкеріс заманында да не істемеді? Сөзі жалған, өзі арам, бұзық екендігін тағы көрсетпеді ме? Қазақ

еңбекшілерінің нағандығын, аңқаулығын пайдаланып, алдаң-жегені былай тұрсын, тіпті бірінші рет қазақ халқының қолын теңдікке жеткізіп отырган пролетариат төңкерісіне де қазақ еңбекшілерін қарсы көтеруге әрекет етпеді ме? Осы құзғындардың азды-көпті жүрнағы әлі де бар ғой. Молда-ишандардың зұлымдығын, өтірік сопылығын Абайдан бұрын ашып айтқан ешкім жоқ. Бірен-сараны болса да, Абайдай айтқан жоқ.

Абайдың өлеңдерінде арын, жанын сатқан атка мінер, ыржан-қылжанмен жалқау жігіт, тілмаш, адвокат, переводчикті (оязға) мұрат қылған интернаттағы оқушылар жайында да бір-сыптыра сын сөздер айттылған. Абайдың:

Интернатта оқып жүр,
Талай қазақ баласы.
Орыс тілі, жазуы,
Білсем деген таласы.
Прописие жазуга
Тырысар келсе шамасы.
Ойында жоқ бірінің
Салтыков пен Толстой,
Із тілмаш, из адвокот,
«Болсам» деген бәрінде ой, –

дегендері өтірік пе?

Кызмет қылма оязға,
Жанбай жатып сөнуге!
Қалай сабыр қыларсың,
Жазықсыз, күндө сөгүте.

Қазақ оқушыларының көбінде осы мінез, осы сипат бар емес пе? Орыстың тілін, жазуын білдім деп, анқау елді қан жылатқандардың бірі осы ояз переводчиктері, болыс тілмаштары, закончик адвокаттары, жалтырауық, оқалы әпісерлері емес пе еді? Абай осыларды да көрді. Өзі білімге шақырып, қазақ еліне оқы, өнер тап деп отырып, қазақ оқығандарының жекесұрын сипаттарын көре білгені – бұл да Абайдың реалистігін, қырағылығын көрсетеді.

Жоғарыда біз Абай заманын сөз қылғанда, қазақ даласында феодализм мен капитализмнің ынғайласып, келіскеңін айттық. Феодализм мен капитализм біріне-бірі дем берді, бірін-бірі то-

лықтырды дедік. Осы тұрмысты Абай да өз өлеңдерінде суретей білді. Абайдың «Егін сал, сауда жүргіз, түзден мал ізде, қол өнерін үйрен, оқу-өнер тап» дегендегі қазақ даласындағы капиталшылық тұрмыстың айнасы, суреті болса, Абайдың «Өсімге қол жайды, тай алып серкешке» дегені, жа болмаса қазақ байының кедейге «бір жілік пен бір аяқ саумалын беріп, деру оны жұмсады бір жұмысқа» дегендегі қазақ даласындағы феодалдық тұрмыстың белгілері еді. Шынында да Абай тұсында серке беріп, тай алатын, қозы беріп қой алатын, тайынша беріп өгіз алатын, тиын беріп теңге алатын есімкор, «сотқар» қазақ байлары аз ба еді?

Сұрап берген бір аяқ қымызын бұлдан, маңайындағы консы-қолаңдарды, кедей ағайындарын тегін жұмысына салып қоятын байлар да аз ба еді? Кедейлерге сауын, ат майын беріп те өзіне құл қылыш, кедейлерді жалақысыз жұмысына салып, салпақ-татып қоятын байлар көп еді гой! Абай осыларды да көрді.

Сөз жоқ, Абайдың қазақ даласындағы осы сықылды ескіліктерді де, жаңалықты да, елді қан қақсатқан аш би, паракор болыс, қу старшын, законшік оқығандарды да көргені, эрине, Абайдың қырағылығына, реалист ақын екендігіне байланысты. Абай сықылды күшті, талантты ақын қазақ елін түзетем деп отырып, бұларды көрмесіне, айтпасына лажы жоқ еді. Қеніліп ояу, көзі ашық, әлеумет адамы болып отырып қазақтың «баспақ», «сотқар» байын, арам молдасын, «аш» биін, жебір болысын, қу старшынын, законшік оқығанын, берекесі кеткен алты ауыз елін көрмеске мүмкін емес еді. Өйткені бұлардың сөздері де, істері де жүртқа түгел аян еді. Өсірепе Абай сықылды өз қолымен ұстаған, көзімен көріп қанған қазақ ақынына анық еді.

Біз бүгін Абайдың атын көтеріп, қадірлесек, Абайдың осы өз тұсындағы көргенін, білгенін өткір тілмен жасырмай, жас-қанбай айта білгендігіне сүйеніп қадірлейміз. Абайдың осы реалистігін, өз тұсының айнасы, көзі ашық үлгілі баласы болғанын көріп қадірлейміз.

Алайда, сындықтың сыны бар, реалистің реалисі бар. Абайдың реализмі, сындығы қай реализм, қай сындық? Мұны да ашып алу керек. Әйтпесе, Абайды түгел білмеген боламыз.

Қазақ ұлтшылдары (Әлихан, Ахмет, Міржақыптар) Абайға «құл» болды. Абай шынды айтты – Абайшыл боламыз десті.

Төңкерістен кейін Семей оқығандары (ұлтшылдары) Абай туын көтеріп, жорнал да шығарды. Абайды үлгі қылды. Осы «абайшылдықтың» тап сыры қайdan шықты? Мұның таптық сыры – Абайдың бай ақыны екендігінде, Абайдың шындығы, реализмі, бай шындығы, бай реализмі екендігінде еді. Абай қанша реалист болып, шындықты айтам десе де, оның шындығы қанаты қысқа, өзі тар бай шындығы еді. Абайдың би, болыс, старшын, молдайларды боктағандағы ерлігі, түптеп келгенде, қотан басындағы ғана ерлік еді. Абайдың бұларға айтқанының бері де, шындал келгенде, тек наз еді, «Абайдың өкпесі» еді. Абайдың «баспақ», «сотқар», надан байды сөккенін алыңыз. Абай байдың берін сөкпеді, байшылдыққа да қарсы емес. Қайта екі сөзінін бірінде баю керек, әулие-сақабалар да бай болған дейді. Абайдың тілейтін арманы – жақсы бай, өнерлі, епті бай. Көптеп егін салатын, үлкен сауда жүргізетін, орысша оқыған, дінге жақсы түсінген – міне, осындай бай. Бай осындай болса, Абай ойынша, заман тузылер еді, қазақ елі жетілер еді. Абай қазақ байын сынағанда, осы оймен ғана сынайды. Жаман байды «жақсы» бай қылам деп қана сынайды. Абайда басқа ой жоқ. Басқа арман да жоқ. Сондықтан Абайдың шындығы байды сынауы да көзі ашық, епті байдың шындығынан, сынинан аспайды. Абай байшылдықты сынамайды, надан баспақ байды ғана сынайды. Тап көзімен қарағанда, бұлардың бір-бірінен түк айырмасы жоқ – екеуі де бір таптың баласы, екеуі де қалың қара халықты жейді, езеді, алдайды. Өйтпеске лажы жоқ. Еңбекшілерді жемесе, алдамаса, арбамаса, бұлар байымас еді – бұлардың Абай айтқан жаман мінездері қара басының жамандығынан емес, байшылдығында еді. Бай болып отырып, елді алдамасқа, жемеске болмайды. Бұл – бай тұрмысының заны. Абай мұны ұқпады, ұққысы келмеді. Абай байшылдықты арман қылды, тек надан, «сотқар» байды ғана сынайды. Сондықтан Абайдың шындығы (реализмі) бай шындығы ғана болды, толық шындық – терең шындық болмады.

Абайдың аш би, жебір болыс, ку старшындарды сынағаны да осындай ұшқары, үстірт сын еді. Абай би, болыстыққа қарсы емес. Абай би, болыс, старшындар пара алмасын, елді әрекетке салмасын, халыққа адал қызмет қылсын дейді. Сондағы Абайдың айттар адал қызметі нे? Орыс төресін ренжітпе, орыс зако-

нын дұрыс орында, пара алма! Міне, Абай шындығының бай шындығы екеніне бұл да толық дәлел. Абай:

Орыс теріс айтпайды,
Жаман бол деп оларды.
Кисық болса закон бар,
Сөдіеге беруге, –

дейді. Абайдың айтуынша, орыстың законы (патша законын айтып отыр) тұра, төресі (патша шенеуніктері) әділ! Осының өзі-ақ Абайдың орыс патшасымен келіскең қазақ байының тілегінен аса алмағандығын, Абай шындығының осы бай шындығы екенін анықтамай ма? Орыстың (патша, байлары билегенде) законы түрғанда, қазақ байы үстемдік құрғанда, болыстық, биліктің парасыз болмайтындығын Абай ұқпады. Абай бай табының ақыны болып отырғанда, қанша қырағы, қанша реалист болса да, үға да алмас еді.

Абайдың молда-ишаңдарды сынағаны да осы тәрізді. Абай мұнда да молдалыққа қарсы емес. Абайдың тілейтіні – өтірік айтпайтын шыншыл молда. Молда болып отырып өтірік айтпауға болмайтынын, молдалық пен өтірік бір атаның баласы екенін Абай білмейді. Білгісі де келмейді. Абайдың молданы сынағаны – «Малқұмар, көnlі бек соқыр, бүркіттен кем емес жем жесі» дегені – осы молдалықтан шығатын сипат еді. Молдалық құрып отырып, басқаша болуға мүмкін де емес еді. Молдалықтың өзі осы малқұмарлықтан, елді жеушіліктен туған. Ақын Абай бай ақыны болғандықтан, мұндай мәселелерге тереңдемейді. Жамандықтың түбіне, негізгі себептеріне көз жібермеді. Дүниеге, тұрмысқа бай көзімен қарап отырганда, көруге де мүмкін емес еді. Қысқасы, Абайдың қай мәселе жөніндегі сынын алсаныз да осы байшылдығын, үстірт сын екенін көресіз. Абай тұсындағы көзі көрген байының, би болысының, молда ишаңдарының сөлемет, қиянат істеуін көрді, сол сыртқа шығып тұрған жексүрүн мінездерін білді, бірақ осылардың түпкі себебін, қайдан қандай тұрмыста болатынын ұқпады, білмеді. Бұған кінәлі, әрине, Абайдың байшылдығы, өз табынан асып кете алмағандығы.

ТҮСІНІКТЕР

Жұмабаев Ф. Абайдың реализмі. Баспасөз бетінде жарияланған. Мәтін мына басылым бойынша берілді: Тогжанов Ф. Абай. – Қазан, 1935. – 55-66-беттер; Абай институтының вебсайты.

Машанов А. Абай үшкілі. Баспасөз бетінде жарияланған. Мәтін мына басылым бойынша берілді: Машанов А. Әл-Фарраби және Абай. – Алматы, 1994. – 118-138-беттер; Абай институтының вебсайты.

Қаратаев М. Пушкин мен Абай. Баспасөз бетінде жарияланған. Мәтін мына басылым бойынша берілді: Қаратаев М. Пушкин мен Абай / М. Қаратаев Тұган әдебиет туралы ойлар. – Алматы, 1958. – 112-121-беттер; Абай институтының вебсайты.

Дүйсенбаев Ы. Абай Құнанбайұлы. Баспасөз бетінде жарияланған. Мәтін мына басылым бойынша берілді: Дүйсенбаев Ы. Абай Құнанбаев / Ы. Дүйсенбаев Фасырлар сырьы. – Алматы, 1970. – 84-137-беттер; Абай институтының вебсайты.

Кенжебаев Б. Абай шығармаларының соңғы басылуы туралы. Баспасөз бетінде жарияланған. Мәтін мына басылым бойынша берілді: // Социалист Қазақстан. – 1955. – 29 май (№26 (9708); Абай институтының вебсайты.

Нұртазин Т. Абай және әдеби жастар. Баспасөз бетінде жарияланған. Мәтін мына басылым бойынша берілді: Нұртазин Т. Шеберлік туралы ойлар. – Алматы, 1968. – 141-148-беттер; Абай институтының вебсайты.

Сүйіншәлиев Х. Абай Құнанбаев (1845-1904). Баспасөз бетінде жарияланған. Мәтін мына басылым бойынша берілді: Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы: оқулық. – Алматы, 2006. – 836-887-беттер; Абай институтының вебсайты.

Қирабаев С. Абайтанудың кезекті міндеттері туралы. Баспасөз бетінде жарияланған. Мәтін мына басылым бойынша берілді: Қирабаев С. Қоң томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Қазығұрт, 2007. – 5-т. – 30-42-беттер; Абай институтының вебсайты.

Қабдолов З. Абайдың бір елені. Баспасөз бетінде жарияланған. Мәтін мына басылым бойынша берілді: Қабдолов З. Қөзқарас: талдаулар мен толғаистар. – Алматы: Рауан, 1996. – 5-9-беттер; Абай институтының вебсайты.

Кекішев Т. Асылдың сыйныбы. Баспасөз бетінде жарияланған. Мәтін мына басылым бойынша берілді: Кекішев Т. Қоң томдық шығармалар жинағы / Тұрсынбек Кекішев. – Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2013. – 5-т. – 134-153-беттер.

Бердібаев Р. Ұлылыққа жартынеш түсінік журнейді. Баспасөз бетінде жарияланған. Мәтін мына басылым бойынша берілді: Бердібай Р. Ел боламыз десек... – Алматы: ЖШС «Қазақстан» баспа үйі, 2000. – 232-237-беттер; Абай институтының вебсайты.

Қасқабасов С. Абай және фольклор. Баспасөз бетінде жарияланған. Мәтін мына басылым бойынша берілді: Қасқабасов С. Абай және фольклор. – Алматы: Білім, 1995. – 64 бет; Абай институтының вебсайты.

Жиреншин Ә. Ақындық мәдениеті. Баспасөз бетінде жарияланған. Мәтін мұна басылым бойынша берілді: Жиреншин Ә. Ақындық мәдениеті. Кітапта: Жиреншин Ә. Абай және орыстың ұлы революциясын демократтары. – Алматы: Қазақ мемлекет баспасы, 1959. – 144-158 беттер; Абай институтының вебсайты.

Бейсенбаев М. Абай туралы тың деректер. Баспасөз бетінде жарияланған. Мәтін мұна басылым бойынша берілді: Бейсенбаев М. Абай және оның заманы (Абай ізімен): әдеби-сын мақалалар мен жаңа деректер. – Алматы: Жазуышы, 1988. – 8-18 беттер; Абай институтының вебсайты.

МАЗМУНЫ

Тогжанов Ф. АБАЙДЫҢ РЕАЛИЗМІ	3
Машанов А. АБАЙ УШКІЛІ	12
Қаратаев М. ПУШКИН МЕН АБАЙ	37
Дүйсенбаев Ы. АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫ	47
Кенжебаев Б. АБАЙ ШЫГАРМАЛАРЫНЫң СОҢҒЫ БАСЫЛУЫ ТУРАЛЫ	110
Нұртазин Т. АБАЙ ЖӘНЕ ӨДЕБИ ЖАСТАР	118
Сүйіншәлиев Х. АБАЙ ҚҰНАНБАЕВ (1845-1904)	127
Кирабаев С. АБАЙТАНУДЫҢ КЕЗЕКТЕГІ МИНДЕТТЕРИ ТУРАЛЫ	188
Қабдолов З. АБАЙДЫҢ БİR ӨЛЕНДІ	202
Қекішев Т. АСЫЛДЫҢ СЫНЫФЫ	206
Бердібаев Р. ҰЛЫЛЫҚҚА ЖАРТЫКЕШ ТҮСІНІК ЖУРМЕЙДІ	225
Қасқабасов С. АБАЙ ЖӘНЕ ФОЛЬКЛОР	232
Жиреншин Ә. АҚЫНДЫҚ МӘДЕНИЕТІ	269
Бейсенбаев М. АБАЙ ТУРАЛЫ ТЫҢ ДЕРЕКТЕР	285
ТҮСІНІКТЕР	295

Оқу басылымы

**АБАЙТАНУ
ТАҢДАМАЛЫ ЕҢБЕКТЕР**

XI том

Редакторы *K. Мухадиева*
Компьютерде беттеген және
мұқабасын безендірген *Y. Әбдіқайымова*

ИБ№10468

Басуга 03.03.2017 жылы қол қойылды. Пішімі 60x84 1/16.
Көлемі 18,7 б.т. Офсетті қағаз. Сандық басылым. Тапсырыс №6144.
Тараалымы 50 дана. Бағасы келісімді.
Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
«Қазақ университеті» баспа үйі.
050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды.